

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕҢШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТИН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

### Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 1994 жылғы 22 сәуірдегі N 430 ҚАУЛЫСЫ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005.06.30. N 662  
қаулысымен .

Ескерту. Атауында сөздер алмастырылды - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143  
қаулысымен .

Ескерту. Атауындағы және мәтініндегі сөздер алмастырылды - ҚРУ-нің  
1997.12.18. N 1788 қаулысымен .

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 481  
қаулысымен .

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін, сондай-ақ өрт қауіпсіздігін жоғары деңгейде сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
қаулы етеді :

1. Республиканың елді мекендері мен объектілерінде мемлекеттік өрт қадағалау мен өрт сөндіру Мемлекеттік өрттен қорғау қызметінің департаменті мен олардың бөлімшелеріне жүктелетін болып белгіленсін.<\*>

< \* >

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРУ-нің 1996.11.01. N 1345  
қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік өрт қадағалау туралы Ереже:

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттіктің қарамағына берілмейтін Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының Мемлекеттік өрттен қорғау қызметтерінің тізімі N 1  
қосымшаға сәйкес ;<\*>

Мемлекеттік өртке қарсы кәсібилендірілген қызметті Мемлекеттік  
әскерилендірілген өртке қарсы қызмет етіп кезең-кезеңмен қайта ұйымдастыру  
кестесі 2 қосымшаға сәйкес.<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтағы сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 1996.11.01. N

**ЕСКЕРТУ.** 2-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.22. N 1143

қ а у л ы с ы м е н

**ЕСКЕРТУ.** 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 481 қаулысымен .

3. Мемлекеттік өрттен қорғау департаменті бастығылауазымы бойынша әрі өрт қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік инспекторы, ал оның орынбасарлары - өрт қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

< \* >

Мемлекеттік өрттен қорғау департаменті құрылымдық басқармаларының, бөлімдерінің бастықтары, олардың орынбасарларылауазымдары бойынша әрі өрт қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасының аға мемлекеттік инспекторлары болып табылады.<\*>

Алматы қалалық, облыстар мен Ленинск қалалық Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі басқармаларының, бөлімдерінің бастықтары, олардың орынбасарлары, аумақтық органдардың мемлекеттік өрт қадағалау бөлімдері мен бөлімшелерінің бастықтары,лауазымдары бойынша әрі тиісті аймақтардың (облыстардың, қалалар мен аумақтардың) өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары болып табылады.<\*>

Басқа мемлекеттік өрт қадағалау органдарының бастықтары, олардың орынбасарлары, мемлекеттік өрт қадағалау инспекторлары, сондай-ақ өрт қауіпсіздігінің жай-күйін қадағалауды қамтамасыз ететін барлық мемлекеттік өрт қадағалау органдарының бас мамандары, аға инженерлері, аға инспекторлары, инженерлері мен инспекторларылауазымдары бойынша өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады деп белгіленсін.<\*>

**ЕСКЕРТУ.** 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРУ-нің 1996.11.01. N 1345

қ а у л ы с ы м е н

**ЕСКЕРТУ.** 3-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен .

4. Жекелеген қалалар, поселкелер мен аудан орталықтары бойынша өскерилендірілген Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелерінің санын өзгертуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті бекітетін болып белгіленсін.<\*><\*>

**ЕСКЕРТУ.** 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРУ-нің 1996.11.01. N 1345

қ а у л ы с ы м е н

**ЕСКЕРТУ.** 4-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен .

5. Әскерилендірілген Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелерін ұстауға, өрт сөндіру депосының жайларын салуға, өрт сөндіру техникасын,

жабдықтары мен мұлқін сатып алуға арналған шығындар:<\*><\*>

- қалалардағы, поселкелер мен аудан орталықтарындағы әскерилендірілген Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелері бойынша жергілікті бюджет есебінен ; < \* >

- меншік нысандарына қарамастан өнеркәсіп кәсіпорындары мен басқа да шаруашылық объектілеріндегі әскерилендірілген Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелері бойынша тиісті кәсіпорындармен, ұйымдар және мекемелермен жасалған шарттар бойынша алынатын қаржат есебінен жұмсалатын болып белгіленсін.<\*>

< \* >

**ЕСКЕРТУ. 5-тармақта өзгерістер енгізілді - ҚРУ-нің 1996.11.01. N 1345 қаулысымен**

**ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерілді және 2-бөлігі алынып тасталды - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен**

6. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетіне:<\*>

- өнеркәсіптік кәсіпорындар мен басқа да объектілерде әскерилендірілген Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелерін тиісті кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден шарттар бойынша алынатын қаржы есебінен құру;

- респубикалық, облыстық, қалалық Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі басқармаларының, бөлімдерінің, мемлекеттік өрт қадағалау органдарының, оқу, ғылым орындары мен бөлімшелерінің санын әскерилендірілген Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелерін ұстауға бөлінетін қаржат есебінен, бірақ осы санның 6 процентінен аспайтындағы мөлшерде көбейту;

- қажет болған жағдайда қалалар арасында әскерилендірілген Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелерінің санын белгіленген лимит шегінде қайта бөлу ;

Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелерінің типтік штаттарын өзірлеу және бекіту құқы берілсін.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 6-тармақта сөздер ауыстырылды - ҚРУ-нің 1996.11.01. N 1345 қаулысымен**

**ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен**

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік пен активтерді басқару департаменті, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер таратылған жағдайда олардың аумағынан тысқары жерлердегі әскерилендірілген, кәсіби және ведомствоның Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі бөлімшелерінің қызмет жайларын, өрт сөндіру техникасын, автокөлігін, мұлқін, мүкәммалы мен басқа да материалдық құндылықтарын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі

комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаментінің балансын тегін  
өткізу тәртібін әзірлесін.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 7-тармақта "өрттен қорғау" деген сөздер ауыстырылды - ҚРУ-нің  
1996.11.01. N 1345 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен .**

8. Облыстардың, Астана және Алматы қаласының әкімдері:<\*>

- қалалық және ауылдық мекендерді, сондай-ақ өнеркәсіптік тораптарды салу  
мен қайта жаңартуда қызмет көрсетудің нормативтік радиусына сәйкес өрт  
сөндіру деполарының жайларын жергілікті бюджеттер қаражаты мен  
кәсіпорындардың үлесті қатысуы есебінен күнілгери салуды қамтамасыз етсін;

- әрбір елді мекенде, меншік нысандарына қарамастан өнеркәсіптік, ауыл  
шаруашылық және өзге де объектілерде іске сақадай сай өртке қарсы  
құрамаларды (жасақтарды, командаларды, бөлімшелерді, топтарды)  
нормативтерге сәйкес өрт сөндіру деполарымен, өрт сөндіру техникасымен және  
құрал-жабдықтарымен олардың өз қаражаты есебінен қамтамасыз ете отырып  
күратын болжын .

**ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 8-тармақ сөзбен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.27. N 481  
қаулысымен .**

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші N 3  
қосымшаға сәйкес жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министр*

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 22 сәуірдеғі

N 430 қаулысымен

бекітілген

## **Қазақстан Республикасында мемлекеттік өрт қадағалау туралы**

### **Ереже**

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік өрт қадағалау республика  
қалаларында, басқа да елді мекендерде және меншік нысандарына қарамастан  
шаруашылық объектілерінде өрт қауіпсіздігін жоғары деңгейде ұстау  
максатында жүргізіледі.

2. Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі департаменті, Алматы қалалық  
облыстық Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі басқармалары, бөлімдері,  
мемлекеттік өрт қадағалау бөлімдері, бөлімшелері мен инспекциялары,

қалалардың, поселкелердің, аудан орталықтарының, әскерилендірілген Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі отрядтары мен бөлімдері, бөлімшелері Қазақстан Республикасында мемлекеттік өрт қадағалау органдары болып табылады. < \* > < \* >

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақта өзгерістер енгізілді - ҚРУ-нің 1996.11.01. N 1345 қаулысымен**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен.**

3. Мемлекеттік өрт қадағалауды қамтамасыз ететін органдар мен лауазымды адамдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кенесінің өзге де шешімдерін, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, жергілікті өкілетті және атқару органдарының шешімдері мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Мемлекеттік өрттен қорғау қызметі департаменті бастығының актілерін және басқа да қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бекітілген нормативтік актілерді басшылыққа алады.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен .**

4. Мемлекеттік өрт қадағалау органдарының негізгі міндеті елді мекендерде, меншік нысанына қарамастан шаруашылық объектілерінде өрт қауіпсіздігінің жай-күйін қадағалауды қамтамасыз ету болып табылады.

5. Мемлекеттік өрт қадағалау органдары:

өрт қауіпсіздігін қадағалауды жүзеге асыруға;

өрт туралы істер бойынша тексерулер жүргізуға;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер жүргізуі жүзеге асыруға м і н д е т т і .

6. Мемлекеттік өрт қадағалау органдары өздеріне жүктелген міндеттерге с ә й к е с ;

министрліктерде, ведомстволарда, қарастылығына және меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда өрт қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі мемлекеттік өкімет пен басқару органдары актілерінің орындалуына бақылау жасауды, әкімшілік өкілдерінің қатысуымен өртке қарсы талаптардың, стандарттардың, нормалар мен ережелердің орындалуын тексеруді жүзеге асыруға ;

кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшыларына, басқа да лауазымды адамдар мен азаматтарға анықталған ереже бұзушылықтарды жою және өрттің алдын алу жөніндегі шаралар өткізу туралы ұйғарымдар жіберуге;

министрліктердің, ведомстволардың, меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің есебінен өрт себептерін айқындау үшін өткізілуге міндетті сараптамалар, сондай-ақ құрал-жабдықтарды,

бұйымдарды, заттарды, материалдарды олардың өрт туғызу қаупінің дәрежесін анықтау үшін бақылау сынақтарын тағайындауға;

ведомстволық қарастылығына қарамастан елді мекендер мен объектілердің өрт сөндіру бөлімшелерінің өртпен күресуге әзірлігін бақылауға;

меншіктің барлық нысандарындағы жобалау және құрылыш ұйымдарының кәсіпорындарды, үй-жайларды, ғимараттарды жобалау, салу және қайта жаңарту кезінде стандарттарда, нормалар мен ережелерде көзделген өртке қарсы талаптарды орындауды бақылауды жүзеге асыруға;

жер участкерлерін тандау және үй-жайларды, кәсіпорындар мен ғимараттарды пайдалануға қабылданап алу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуға;

өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін стандарттар, нормалар мен ережелер жобаларын, сондай-ақ нормалар мен ережелер белгіленбейген объектілерді салуға арналған жобалық шешімдерді келісуге;

төтенше жағдайларда өрт сөндіру және апattan құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын, ведомстволық қарастылығына қарамастан көлік және басқа да материалдық-техникалық құралдарды жұмылдыруды;

қажет болған жағдайда адамдарды, материалдық құндылықтарды қауіпті аймақтан көшіріп әкетуге өкім беруге, құтқару жұмыстарын жүргізу және төтенше жағдайларды жою кезеңіне цехтар мен объектілердің жұмысын тоқтата

тұрға ;

өрт сөндіруге, адамдар мен мұлікті құтқаруда ерекше көзге түскен азаматтарды ынталандыруға ;

мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, лауазымды адамдарға, жеке меншік иелеріне өрттің шығуына мүмкіндік беретін жағдайларды, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзуды болдырмау жөніндегі шаралар туралы орындалуға міндетті ұсыныстар мен үйгарымдар енгізуге, ал олар қабылданбаған жағдайда айыптыларды занда көзделген жауапкершілікке тартуға;

бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдары мен басқа да қызметкерлерінен, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдардан объектілердегі өрт қауіпсіздігінің жай-куйін сипаттайтын мәліметтер мен құжаттар алуға ;

зандарда әкімшілік жауапкершілік көзделген өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны туралы хаттамалар жасап, істер қарауға құқылы;

өрт қауіпсіздігі мәселелерін реттейтін нормативтік актілерді жасау және келісү ;

Қазақстан Республикасының аумағында болған барлық өрттерді (олардан келген зардаптарды) мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚРҮ-нің 1996.11.01.**

7. Мемлекеттік өрт қадағалау органдарының үйғарымдары жазбаша түрде беріледі және ведомстволық қарапастылығы мен меншік түріне қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, үйымдардың лауазымды адамдары, сондай-ақ азаматтар үшін орындауға міндетті болып табылады. Үйғарым алған және онымен келіспейтін лауазымды адамдар мен азаматтар үйғарым тапсырылған күннен бастап 10 күндік мерзімде жоғары тұрган мемлекеттік өрт қадағалау органына шағым беруге құқылы.

8. Меншік нысандарына қарамастан кәсіпорында, мекемеде, үйымда тікелей өрт шығу қаупін туғызатын өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғанда, сондай-ақ объектілерді, кәсіпорындарды, мекемелерді, ғимараттарды, үй-жайларды салу, қайта жаңарту, кеңейту немесе техникалық қайта жабдықтау кезінде жобада немесе жобалау нормаларында көзделген өртке қарсы талаптар орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы мен оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, облыстардың, қалалардың және аумақтардың өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары кәсіпорынның, жеке өндірістің, өндіріс участекесінің, агрегаттың жұмысын ішінara немесе толық тоқтатуға, үйді, құрылышты пайдалануға тыйым салуға, ал өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар - кәсіпорынның (жеке өндірістің) жұмыс істеуінің тұластай тоқтатылуына әкеліп соқпайтын болса, жекелеген жайларды пайдалануға тыйым салуға, өндіріс участекесінің немесе агрегаттың, электр торабының, жылыту құралының жұмысын және өрт шығу қаупі бар жұмыстардың жүргізілуін тоқтатуға құқылы.

Кәсіпорынның, өндіріс участекесінің, агрегаттың жұмысын тоқтатуға немесе үйді, ғимаратты, жайларды пайдалануға тыйым салу туралы қаулы объектінің басшысына беріледі және осындай шешім қабылдауға негіз болған ереже бұзушылықтар жойылғанға дейін күшінде болады.

Кәсіпорынның, мекеменің, үйымның басшысы кәсіпорынның, өндіріс участекесінің, агрегаттың жұмысын тоқтату, үйді, ғимаратты немесе жайды пайдалануға тыйым салу туралы қаулы жөнінде ол берілген күннен бастап 5 күндік мерзімде жоғары тұрган мемлекеттік өрт қадағалау органдарына немесе сотқа шағымдануға құқылы. Шағымның берілуі қаулының орындалуын тоқтатады.

Кәсіпорынның, өндіріс участекесінің, агрегаттың жұмысын тоқтату, үйді, ғимаратты немесе жайды пайдалануға тыйым салу туралы қаулыны, осы шешімді қабылдаған орган, лауазымды адам, оған қатысты жоғары тұрган мемлекеттік өрт қадағалау органы немесе сот жоюы немесе өзгертуі мүмкін.

9. Мемлекеттік өрт қадағалау органдарының жоғары тұрган лауазымды

адамдарының нұсқаулары мен өкімдерін мемлекеттік өрт қадағалау органдарының тәменгі лауазымды адамдары орындауға міндettі.

10. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қauіpsіздіk комитетінің, Республикалық Ұланының, әуе, темір жол, теңіz және су көліктерінің объектілерінде мемлекеттік өрт қадағалау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті мен Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері мен ведомстволары арасындағы келісімдермен белгіленеді.<\*>

Шахталардың, рудниктердің, кеніштердің жер асты құрылыштарында, әуе, теңіз, су және автомотоэлектр көліктерінде, сондай-ақ орман, дала аумақтары мен тоғайлы алаптарда өрт қauіpsіздіgі ережелерінің орындалуына тиісті министрліктер мен ведомстволар бақылау жасайды.

**ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен.**

11. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің төрағасы қажет болған жағдайларда өзге министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен бірлесіп шаруашылық объектілерінің ерекшеліктерін ескере отырып, осы Ережені қолдану жөнінде бұйрықтар мен нұсқамалар шығарады.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен .**

12. Осы Ережеде көзделген міндеттердің мемлекеттік өрт қадағалау органдарына жүктелуі министрліктердің, ведомстволардың, меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларын, әкімдерді елді мекендердің, объектілердің өрт қauіpsіздіgін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі белгіленген талаптардың орындалуына жүйелі түрде бақылау жасау міндеттерінен босатпайды және кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдар басшыларының өз қарамағындағы объектілердің өрт қauіpsіздіgі үшін дербес жауапкершілігін шегермейді.

13. Объектілер, олардың өрт қauіptілігінің маңыздылығы мен дәрежесіне қарай I, II, III және IV топтарға бөлінеді. Мұндай объектілердің тізбесін мемлекеттік өрт қадағалау органдары айқындайды.

IV топқа қатысты объектілер мемлекеттік өрт қадағалау органдарының жыл сайын паспорттау жүргізуіне жатады.<\*> Паспорттау жүргізу туралы Ережені Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жасайды және бекітеді.<\*>

**ЕСКЕРТУ. Ереже 13-тармақпен толықтырылды - ҚРУ-нің 1996.11.01. N 1345**

қаулысымен .

**ЕСКЕРТУ. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен.**

Қазақстан

Республикасы

Министрлер

Кабинетінің

1994

жылғы

22

сәуірдеғі

N 430 қаулысына

N 1 қосымша

**Өртке қарсы қызметті Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар  
жөніндегі комитетінің қарауына берілмейтін Қазақстан Республикасы  
министрліктері мен ведомстволарының<\*>**  
**Тізбесі**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі  
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі<\*>  
Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті <\*>  
Әуе және темір жол көліктері кәсіпорындары  
Ескерту. Қосымша өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.22. N 1143 қаулысымен .

Қазақстан

Республикасы

Министрлер

Кабинетінің

1994

жылғы

22

сәуірдеғі

N 430 қаулысына

2-қосымша<\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-қосымша жана редакцияда - ҚРУ-нің 1998.01.14. N 10  
қаулысымен.**

**Кәсіби Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің әскерилендірілген Мемлекеттік  
өртке қарсы қызмет етіп кезең-кезеңмен қайта құрудың КЕСТЕСІ**

Елді мекендердің атауы

Қайта құру жылды

1997

1998

1999

2000

1

2

3

4

Ақмола облысы

Балқашин с. Державин қ. Ақкөл қ. Краснознаменск с.

Жақсы с. Корғалжын с. Ерейментау қ. Промышленный

п о с .

Вишневка пос. Шортанды пос. Астраханка с.

Атбасар қ .

# М а к и н қ .

Есіл қ.

Ақтөбе облысы

Батамашин пос.	Хромтау пос.	Қарабұтақ пос.	Кобда а.
Қарғалы с.	Алға қ.	Мәртөк пос.	Ойыл с.
Қандығаш қ.	Ембі қ.	Темір қ.	Ақраб с.
Ырғыз с.	Шалқар қ.	Бөгеткөл пос.	Шұбарқұдық пос.
Байғани пос.			

Алматы қаласы

Алатай пос.

Алматы облысы

Шелек с.	Сарыөзек пос.	Ақши с.	Кеген с.
Қарабұлақ пос.	Жәркент қ.	Бақанас с.	Нарынқол с.
Киров пос.		Лепсі пос.	Қабанбай а.
		Жансүгіров пос.	Қапал с.
		Сарқант қ.	Қоғалы с.
		Текелі қ.	Үшарал қ.

Үштөбе қ.

Атырау облысы

Құлсары пос.	Индербор пос.	Мақат пос.	Миялы с.
Махамбет пос.	Балықшы пос.		

Шығыс Қазақстан облысы

Шульбинск пос.	Жезкент пос.	Георгиев с.	Көкпекті с.
Қарауыл с.	Жаңа шульба с.	Бақыршық пос.	Ақсуат с.
Бородулиха с.	Большая	Шар қ.	Мақаншы с.
	Владимировка с.		Үржар с.

Аягөз қ.

Жамбыл облысы

Ассы с.	Сарыкемер а.	Ақкөл с.	Луговое пос.
Бауыржан	Төлеби а.	Байқадам с.	Фурмановка с.
Момышұлы а.	Қаратай қ.	Құлан а.	Георгиев с.
Шу қ.	Мерке с.		

Батыс Қазақстан облысы

Чапаев а.	Переметное с.	Федоровка с.	Казталовка с.
	Жымпіты а.	Каменка с.	Жәнібек с.
		Шыңғырлау с.	Қаратөбе с.
			Сайхина .

Жаңғала а.

Қарағанды облысы

Қаражал қ.	Атасу пос.	Ағадыр пос.	Үлытау с.
Ақсу-Аюлы с.	Ақтоғай с.	Шашубай пос.	
Қызылорда облысы			
Қазалы қ.	Арал қ.	Жалағаш пос.	Шиелі пос.
Жаңа Қазалы пос.		Жаңақорған пос.	
Теренөзек пос.			
Қостанай облысы			
Боровской пос.	Уруцкий пос.	Қарасу с.	Ленинское с.
Комсомолец пос.	Федоров пос.	Қашар пос.	Тобыл пос.
Құмұрын пос.	Аманқарағай пос.	Орджоникидзе с.	Троебратский пос.
Обаған с.	Докучаев с.	Октябрс с.	Торғай с.
Камышное с.		Затобол пос.	Семиозерное с.
Арқалық қ.		Жітіқара қ.	Таран с.
Жалдама с.			
Амангелді с.			
Павлодар облысы			
Ақсу пос.	Шідерті пос.	Железинка с.	Майқайың пос.
Қалқаман пос.	Баянауыл с.	Көктөбе с.	Төртқұдық пос.
Ақтоғай с.	Ертіс с.	Лебяжье с.	Успенка с.
Качир с.		Ленинск пос.	
Солтүстік Қазақстан облысы			
Бескөл с.	Возвышенка с.	Тимирязев с.	Корнеев с.
Преснов с.	Благовещенка с.	Явленка с.	Соколов с.
Заозерный пос.	Арықбалық с.	Чистополье	Чкалов с.
Саумалкөл пос.	Келлеровка с.	Рузаев с.	Ленинград с.
Зеренді с.		Булаев қ.	Үәлиханов с.
		Тайынша қ.	Смирнов пос.
		Мамлютка қ.	Кішкенекөл пос.
		Сергеевка қ.	Новоишимск пос.
		Степняк қ.	Талшық пос.
Боровое пос.			
Оңтүстік Қазақстан облысы			
Тұрар	Темірлан с.	Асықата пос.	Шәуілдір с.
Рысқұлов а.	Шардара қ.	Ильич пос.	Бәйдібек с.
Көксаяқ с.	Абай с.	Мырзакент пос.	Шолаққорған с.
Қазығұрт а.	Арыс қ.	Ленгір қ.	Жетісай қ.
Сарыагаш қ.		Ақсу с.	

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 22 сәуірдегі  
N 430 қаулысына  
N 3 қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған кейбір шешімдерінің  
Тізбесі**

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1953 жылғы 26 қыркүйектегі "Архив сақтау орындарындағы өрт қауіпсіздігінің уақытша ережелерін бекіту туралы" N 728 қаулысы.

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 5 қыркүйектегі "СССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 15 шілдедегі "Елді мекендер мен халық шаруашылығы объектілерінде өрт қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" N 654 қаулысын жүзеге асыру туралы" N 429 қаулысы.

3. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 8 шілдедегі "Республика халық шаруашылығы объектілері мен елді мекендерін өрттен қорғауды күшайту туралы" N 310 қаулысы.

4. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 7 шілдедегі "Республика Үкіметінің Қазақ ССР-і қалаларының, басқа елді мекендері мен халық шаруашылығы объектілерінің өрт хауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі шешімдерін біріктіру туралы" N 283 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., N 15, 55 - бап).

5. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1987 жылғы 29 мамырдағы "Республика халық шаруашылығы объектілері мен елді мекендерін өрттен қорғауды күшайту жөніндегі қосымша шаралар туралы" N 264 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1987 ж., N 17, 65 - бап).

6. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1988 жылғы 26 қазандағы "СССР Министрлер Советінің 1988 жылғы 29 тамыздағы "Елімізде өрт қауіпсіздігін одан өрт нығайту жөніндегі шаралар туралы" N 1058 қаулысын жүзеге асыру туралы" N 489 қаулысы.

7. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 2 ақпандағы "Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі жаңындағы өрт қауіпсіздігі жөніндегі ведомствоаралық Совет туралы" N 41 қаулысы.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 22 сәуірдегі  
N 430 қаулысына 4-қосымша <\*>

ЕСКЕРТУ. Қаулы жаңа 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің  
1999.05.22. N 616 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 4-қосымша күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2004.02.27. N 239  
қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК